

Тобы	Ортаңғы топқа арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы	Қаңтар // 2020-2021									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	3	Қатынас	2,5	Таным	2,5	Шығармашылық	3	Әлеумет	0,5
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	1	Математика негіздері	1	Сурет салу	1	Қоршаған ортамен танысу	0,5
			Көркем әдебиет	1	Құрастыру	0,5	Мүсіндеу	0,25	Вариативті компонент/Әлеумет	0,5
			Орыс тілі	0,5	Жаратылыстану	1	Апликация	0,25		
							Музыка	1,5		
							Вариативті компонент/Шығармашылық	0,5		
Қыс қызығы/Зимние забавы/Winter fun (1-апта)										
Мақсаты: балаларды қысқы ойындар түрлері жайлы білімдерін толықтыру; қысқы ойындарға қатысу үшін қажетті киім үлгілері мен атрибуттарды таңдау іскерліктерін жетілдіру.										

<p>Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Сырғанамаймыз шанамен" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру; бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен жүруге үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Қалай сырғанаитынымызды көрсетейікші" Мақсаты: балаларды 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Қыста дөңнен сырғанамаймыз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын қалыптастыру; бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен жүру іскерліктерін жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Қуыршақ Дананы серуенге шығарайық әңгімелесуі" Мақсаты: балалармен қысқы киімдер жөнінде әңгімелесу, сөздік ойын барысында адамның қыста киіну тәртібінің ерекшеліктерін көрсету, қысқы киімді кию рәсімі жөнінде білімдерін тереңдету.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: "Шұбар тауық" ертегісі Мақсаты: балаларды ертегіні зейін қойып, аяғына дейін тыңдауға үйрету. Тәрбиешінің сұрақтарына анық жауап беруге, бірінің - бірі жауабын тыңдауға, өз - өздеріне сенімділікке, кейіпкерлерге деген мейірімділік, аяушылық сезімге тәрбиелеу. Белсенді сөздік қорларын, дамыту.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: "Қардан мұнараларды салайық" Мақсаты: балалардың заттардың биіктігі туралы "биік", "аласа" ұғымдарын тиянақтау; заттардың ені туралы баяндау; қысқы ойындардың түрлерімен таныстыру. Балаларды екі қарама-қарсы заттарды биіктігі мен ені бойынша тұрастырып, салыстыруға, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; заттардың ұзын немесе қысқа, кең немесе тар екенін тұрастыру және бірліктердің (кірпіштердің) сандарына қарап салыстыруда жаттықтыру.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: "Төбешіктен сырғанамайық" Мақсаты: балаларды, текшелерді бірінің үстіне бірін қою, екі қарама-қарсы жақтан тағы бір текшені және призманы жаққа салып, тіреу амалдарын машықтандыру, төбешікті жасауға үйрету; қыс мезгілі ойындары туралы түсініктерді жетілдіру.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Тиін" Мақсаты: балалардың қыс мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; тиіннің сыртқы түрі мен қыстағы тіршілік етуі туралы түсініктерін кеңейту; жанды табиғатқа қызығушылықтары мен бастамаларын, жауапкершіліктерін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: "Аққала" Мақсаты: балаларды тіке жатқан қағаз бетінің ортасына көк қарындашпен аққала бейнесін салуға үйрету; сурет салуда үлкен, кішкентай дөңгелектерді қатарымен іргелес салып, бейнені қосымша детальдармен толықтыруға жаттықтыру; үлкен және кішкентай дөңгелектерді аққаланың денесі мен басы деп тануға үйрету; қыстың қызықтары туралы білімді кеңейту, қардың қасиеті жөнінде түсініктер беру.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Аққала" Мақсаты: балаларды шулы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру. Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Қыс әні" Мақсаты: балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.</p> <p>Вариативты компонент/Шығармашылық Тақырыбы: "Жылы бөкебай" Мақсаты: балалардың қысқы киімдер туралы білімдерін жетілдіру, бөкебайдың қажетін түсіндіру; ою элементтерін бекіту; өзіне-өзі қызмет ету негіздерін қалыптастыру. Ермексаздар бөліктерін тура есу, дөңгелектеу, тіктөртбұрышты пішінге жапсыру техникасын жетілдіру; бөкебай сұлбасын әртүрлі ою элементтерін белгілі тәртіпте алмастырып безендіруге үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялды, зейінді дамыту.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Менің сүйікті қалам" Мақсаты: балаларды сүйікті қаламыз Алматымен таныстыра отырып, қала туралы көркем сөздерді мәнерлеп оқу; Алматы қаласы туралы мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; қаланың әсем ғимараттары туралы білсем деген құштарлығына балалардың қызығушылығын тудыру; Алматыдағы қыс қызығы туралы түсінік беру.</p>
--	---	---	---	---	---

Қардың пайдасы/Свойства снега/ Properties of snow (2-апта)

Мақсаты: балалардың қардың қасиеттері туралы, қысқы құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту және байыту.

<p>Оқу қызметін</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Ақшақарлар билейді" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын қалыптастыру; бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Әдемі билейміз" Мақсаты: балаларды бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын қалыптастыру; бір жағы 20-30 см биік еңкіс тақтайдың үстімен жүру іскерліктерін жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Ақшақарлар секілді билейміз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; қойылған заттардың арасымен</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Ақшақарлар жауып тұр. Дауыссыз [ш] және [ж] дыбыстары" Мақсаты: балаларды [ш] және [ж] дыбыстарының жеке, буын және сөз құрамында айтылу тәртібімен, сөздің жекеше және көпше түрлерімен таныстыру; қардың қасиеттері жөнінде білімдерді жетілдіру.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: "Қолғап" Мақсаты: балаларды "Қолғап" ертегісінің қызықты мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіні әңгімелеу барысында кейіпкерлердің бейнесі мен сөзін мұқият есте сақтауға үйрету; ертегі кейіпкерлері аңдардың қасиеттері мен ерекшеліктеріне көңіл аударып, олардың бейнесін сомдай білуге дағдыландыру; қыс мезгілінде ұйықтап жататын кейбір аңдардың ертегіде көрініс беру кезеңінде байқағыштығы мен зеректігін қалыптастыру; қолғаптың және қардың пайдасы жөнінде түсініктерін кеңейту.</p> <p>Орыс тілі Тақырыбы: "Зима играет с нами в снежки" Мақсаты: учить повторять и проговаривать небольшие четверостишия о таких природных явлениях, как снег; проявлять положительные эмоции. Учить понимать русскую речь, составлять простые сочетания слов, используя слово «зима», изменяя, соответственно, окончания имен прилагательных. Развивать артикуляцию, речь, слуховое восприятие информации о зиме, снеге.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: "Аққалалармен ойнайық" Мақсаты: балаларды "жуан", "жіңішке" ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру; заттардың жуандығы мен биіктігі жөнінде түсініктерді тиянақтау; қардың белгілі пішіндерге айналу қасиетін пысықтау. Балалардың екі қарама-қарсы заттарды биіктігі мен жуандығы бойынша тұрастырып, беттестіріп, іс-тәжірибеде сәйкестігін тауып, салыстыра білу дағдыларын жетілдіру, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Қардың қасиеті" Мақсаты: балалардың қыс мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыру, қардың қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету; қыс қызығы туралы түсініктерін кеңейту.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: "Терезеде ақшақарлары" Мақсаты: балаларды мақта таяқшалары арқылы шаршы пішініне, "терезе" кескініне ақша қарларды салуға үйрету; терезе сұлбасын бояумен жүргізіп, төрт шақпақ орталарына дөңгелектерді салып, бойларын түрлі нүктелер және сызықтармен толтыруға машықтау; ақша қар құрылымында болатын оюлардың ерекшеліктері жөнінде түсініктер беру.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Ақшақарлар билейді" Мақсаты: балаларды өнді ықыласпен тыңдай білуге үйрету; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдауға және сипатын ажырата білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қардың пайдасы туралы ұғым беру. Балаларды өнді ықыласпен тыңдай білуге үйрету; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдауға және сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: "Аққала" Мақсаты: балаларға аққала туралы түсініктерін тиянақтау, аққаланың дене құрылымы жөнінде білімді жетілдіру; аққаланың қардан жасалған мүсін екеніне көз жеткізу; қысқы ойын-сауықтар түрлерімен таныстыру. Ермексаздың тұтас бір бөлігін тең екіге бөлу техникасына үйрету.</p>	<p>Вариативті компонент/Әлеумет Тақырыбы: "Аурухана" ойыны Мақсаты: балаларға дәрігер мамандығы жөнінде мәлімет беру, дәрігер мамандығына қатысты құралдармен, оларды қолдану қажеттілігімен таныстыру; ойын ережелерін түсіндіру. Дәрігер ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық қарым-қатынасқа түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісі қабілетін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу, денсаулық сақтау қағидаларына баулу.</p>
---------------------	---	---	--	---	--

Аңдардың қысқы тіршілігі/ Зима в лесу/ Winter in the forest (3-апта)

Мақсаты: балалардың жабайы жануарлардың қыста тіршілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға ықпал ету.

Оқу қызметін	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Маубас аю" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; допты алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдауға үйрету; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; допты алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдауға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Аю ұйықтағанды жақсы көреді" Мақсаты: балаларды допты алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдау іскерліктерін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Жануарлар қалай қыстайды?" Мақсаты: балаларды допты алысқа лақтыруда бастапқы тұру қалпын қабылдау іскерліктерін жетілдіру; бөрененің үстімен тез адымдап жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру; оқу қызметтерін пысықтау.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Қонжық неге ақырады?" ертегісін әңгімелеу. Мақсаты: балаларды "Қонжық неге ақырады?" ертегісімен таныстыру, ертегі желісінде кездесетін аюдың, қонжықтың қыстағы тіршілігі, дыбыстау ерекшелігі жөнінде мағлұмат беру; адамның қыста даладағы әдеби мен қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: "Қасқыр мен жеті лақ" ертегісі Мақсаты: "Қасқыр және жеті лақ" ертегісімен таныстыру; балаларға әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс – тұрысын талдауға баға беруге үйретуді жалғастыру; сөздік қорларын молайтып, сөйлеу қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру; ұқыпты және сабырлы болуға тәрбиелеу. Сөздік қорларын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы кеңейту.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: "Орман тұрғындарының іздері" Мақсаты: балаларға "кең", "тар" ұғымдарын түсіндіру, "сол жақ", "оң жақ" ұғымдарын тиянақтау; жабайы аңдар мен қыстайтын құстардың қысқы ормандағы тіршілігі жөніндегі білімдерін жетілдіру. Балалардың екі қарама-қарсы заттардың ені бойынша тұтастырып, салыстыру дағдыларын жетілдіру, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: "Қоян мен Түлкі көрші" Мақсаты: балаларды білеу, текше, призма, арка сияқты құрылыс материалдары арқылы екі көлемде қақпалар жасауға үйрету; білеулерді тік қойып, арасын аркамен жауып, үстінен призманы қойып, шатырды жасауда жаттықтыру; құрылыстың тұрақтылығы жөнінде ұғымдарды жетілдіру; "Қоянның үйшігі" ертегісі желісін қайталау.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі" Мақсаты: балалардың жабайы жануарлардың сыртқы түрі және тіршілік етуі туралы түсініктерін кеңейту; жабайы жануарлардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, жануарлардың қыс кезіндегі ерекше мінез-құлықтары туралы білімдерін қалыптастыру; қыста тіршілік ететін жабайы жануарларды жатқа білуге үйрету; аңдардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: "Ақ қоянды жасырайық" Мақсаты: балаларды сюжеттік сурет салудың ережелеріне үйрету; қағаздың сол жағында алдын-ала салынып тұрған тіке сызықты жасыл борша арқылы шырша бейнесіне айналдыруға, жанына қылқалам арқылы ақ қоян бейнесін салуға үйрету.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Аю мен түлкі" Мақсаты: балаларды жабайы аңдар туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай жабайы аңдардың бір-бірінен ерекшелігін ажырата білуге үйрету; музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталауға үйрету; музыкалық аспап қасықпен ойнау қабілетін қалыптастыру; аңдардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Қасқыр туралы" Мақсаты: балаларды музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау; музыкалық аспап қасықпен ойнау қабілетін қалыптастыру</p> <p>Вариативті компонент/Шығармашылық Тақырыбы: "Аңдарға қысқы үйшік" Мақсаты: балаларға жабайы аңдардың қысқы тіршілігі жөнінде түсініктер беру; қарапайым үй бөлшектері туралы ұғымдарды тиянақтау; аңдарға қамқорлық жасау туралы түсіндіру.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Ұйқыдағы аю" Мақсаты: балалардың жабайы жануар аюдың тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; жабайы жануардың қыс мезгіліндегі тіршілігі жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы, қыстық дайындығы) кеңейту; қыс мезгілінде табиғатты бақылау дағдыларын жетілдіру; аңдардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру.</p>
--------------	--	--	--	--	---

Мақсаты: балаларға қыстайтын құстарға арналған тағам түрлері туралы түсінік беру. "Қыстайтын" құстар туралы түсініктерін бекіту.

--	--	--	--	--	--

Оқу қызметін	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Суық торғай" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Біз құстарды аялаймыз!" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; оқу қызметін қайталау.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: "Құстарға жем шашайық" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Торғайлар жемшашарға қонды суретімен танысу" Мақсаты: балаларды қыста жемшашарға қонған торғайлар туралы суретпен таныстыру, құстардың қимыл-қозғалысының ерекшеліктеріне көңіл аударып, қысқы тіршілігі жөнінде мәліметтер беру; суретті сипаттау әдеби игерту; қыстайтын құстарға қамқорлық амалдарын көрсету. Балаларды құстардың дыбыстау, қозғалу ерекшеліктерін еліктеуіш сөздер мен етістіктер арқылы жеткізуге үйрету</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: "Сауысқан мен көкек" Мақсаты: балаларды "Сауысқан мен көкек" ертегісінің мазмұнымен таныстыру; қысқа мәтінді ертегіні бар ықыластарымен мұқият тыңдауға үйрету; шағын мазмұнды ертегіні өз шығармашылығымен әңгімелеп беруге дағдыландыру; сауысқанның ұясы туралы ақпарат бере отырып, оның ұясының басқа құстар ұясынан ерекшеліктерін ажырата білу дағдыларын қалыптастыру; қыстайтын құстар туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Орыс тілі Тақырыбы: "Птицы нашего двора". Величина Мақсаты: учить понимать русскую речь, различать и называть зимующих птиц, умение правильно строить простейшие фразы при ответах на вопросы, называть величины объектов при сравнении, правильно меняя окончания слов в словосочетаниях.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: "Сауысқанның сыйлықтары" Мақсаты: балалардың заттардың ұзындығы мен ені туралы ұғымдарын жетілдіру; осы ұғымдар бойынша айрықша қасиеттерін таныту; қыстайтын құстардың бірі, сауысқанның тіршілігімен таныстыру. Балаларды екі қарама-қарсы заттардың ұзындығы, ені бойынша тұрастырып, салыстыру іскерлігіне машықтау, салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: "Қыстайтын құстарға қамқорлық" Мақсаты: балалардың қыстайтын құстардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту; құстардың қысқы тіршілігімен таныстыра отырып, қыстайтын құстардың қыс кезіндегі ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; қыста өлкеде тіршілік ететін құстарды жатқа білуге үйрету; қыстайтын құстардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: "Үкі" Мақсаты: балаларды қағаз бетінде үлкен сопақша пішінін алдын-ала салынған екі дөңгелек көз бен құс тұмсығы айналасына салып, құлақтар мен қанаттарды салып, үкі бейнесін салуға үйрету; үкі пішінін (сары, қызыл-сары, қоңыр бояулармен) мақта таяқшасымен соққылап, қауырсындарды салуға машықтау; қыстайтын құстардың тіршілігі туралы ұғымдар қалыптастыру.</p> <p>Музыка Тақырыбы: "Қыстағы өнші құстар" Мақсаты: балаларды торғай туралы қазақ және орыс тілдеріндегі әндерді тыңдау және айту кезінде әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; торғайдың қыс мезгіліндегі үнін тыңдата отырып, оның табиғи дауыс ерекшелігін сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Жапсыру Тақырыбы: "Шұбар тауықты безендірейік" Мақсаты: балаларды педагог алдын-ала дайындап қойған ала тауық кескінінің төс аймағына ұсақ ою элементтерін (қауырсындарды) орналастыруға және жапсыруға үйрету; аталмыш ертегі кейіпкері Шұбар тауықтың бейнесі туралы түсініктерін жетілдіру; қыстайтын құстар тіршілігі жөнінде ұғымдарды толықтыру.</p>	<p>Вариативті компонент/Әлеумет Тақырыбы: "Жануарлар фермасы" ойыны Мақсаты: балаларға жануарлар фермасы жөнінде мағлұматтар беру, жануарларды күтушінің еңбегімен таныстыру, үй жануарларының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың тақырып бойынша ойын желісіндегі тілдік және эмоционалдық арақатынастарға түсу іскерлігін жетілдіру, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, қабылдау, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Балалардың адам еңбегін бағалау, үй жануарларына қамқорлықпен қарау сезімдерін қалыптастыру, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>
--------------	---	--	---	---	---